

**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТІ» КсАҚ**

**«ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ШЕҢБЕРІНДЕ
КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ГРАФИКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ»
ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

СЕМЕЙ 2024

МАЗМҰНЫ

- 1) Жалпы ережелер;
- 2) Глоссарий;
- 3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- 8) Оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) Курстан кейінгі сүйемелдеу;
- 10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

1) Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды.

2) Глоссарий

Біліктілік – тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы

Білім беру мониторингі – білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингілік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау;

Қорытынды бағалау – қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін растау рәсімі;

Педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

Педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымы – үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым;

Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу – педагогтің курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі;

Сертификат – біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан табысты өткен тыңдаушыларға берілетін құжат;

Сертификатқа қосымша – бағалары көрсетілген білім беру бағдарламасының меңгерілген модульдерінің тізбесі бар құжат;

Сертификатталған тренер – тренерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен және біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын адам;

Сыртқы қорытынды бағалау – біліктілікті арттырудың ұзақ мерзімді курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыретін растау рәсімі;

Тыңдаушы – біліктілікті арттыру курсынан өтуші адам.

3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

1. Әртүрлі заттардың сәндік бейнесін жасау дағдыларын меңгеру.
2. Оқушыларды ағаш өңдеу технологияларына оқыту әдістемесі.
3. Білім берудегі заманауи компьютерлік технологиялар және оларды көркем еңбек сабақтарында қолдану. (Компьютерлік графикалық бағдарламалар Corel Draw).

4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: Бейнелеу өнері және көркем еңбек педагогтарының тұлғалық-бағдарланған кәсіби дамуы, өзінің кәсіби қызметін толыққанды жүзеге асыру үшін оқу пәндерінің неғұрлым маңызды тақырыптары бойынша практикалық сабақтар процесінде бейнелеу өнерін оқытудың қазіргі заманғы әдістемесін зерделеу болып табылады.

Міндеттері:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық белсенділігін арттыру;
- бейнелеу өнері мұғалімдерінің теориялық және практикалық дайындығын, бейнелеу өнерін оқытудың теориясы мен әдістемесі саласындағы білім мен дағдыларды тереңдету;
- бейнелеу өнерін, өнер тарихын оқытудың заманауи формалары мен әдістерін қолдануды модельдеу;
- бейнелеу өнері мұғалімдерінің біліктілігін, кескіндеме, сурет, композиция саласындағы білімі мен дағдыларын арттыру;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық белсенділігін арттыру.
- бағдарламалық камтамасыз етуді және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану және оқу процесіне жаңа білім беру технологияларын енгізу.

Күтілетін нәтижелері:

- Арнайы саладағы біліммен интеграцияда дидактикалық білімді пайдалана отырып, сабақтарды өткізу
- Пәндік әлемнің ұқсастығы мен айырмашылығын дербес анықтайды, нысандарды пішіні мен құрылымы бойынша жіктейді. Бейнелеу өнері саласындағы білім.
- Бейнелеу өнерінің даму кезеңдерін білу, түстердің түрлерін ажырату, композицияның негізгі заңдылықтарын қолдану, гуашь және майлы бояу техникасында жұмыс істеу.
- Білім беру ресурстарын әзірлеу принциптері мен әдістерін білу; пән бойынша оқу-әдістемелік материалды рәсімдеу және әзірлеу .Жеке тұлғаны

қабілетіне қарай дамытуға бағытталған оқыту бағдарламалары мен әдістемелерін қолданады.

- Педагогикалық қызметте кескіндеме және мүсін пәндері мен техникаларында қалыптасқан дағдыларды қолданады. Ағаш негіздері мен компьютерлік графика туралы қосымша білім.

- Көркем еңбек пәнінің мазмұнына сәйкес сәндік-қолданбалы өнер және бейнелеу өнері бөлімдерін зерделеу үшін қажетті білім мен дағдыларды меңгерген.

- Арнайы саладағы біліммен интеграциялауда шығармашылық білімді пайдалана отырып, сабақтар өткізу.

- Зерттеудің заманауи әдістерін меңгеру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз бетінше жүргізу дағдыларын бекіту

5) Бағдарлама құрылымы мен мазмұны

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Сағат саны	Д	С	П	Қысқаша мазмұны
1.	Әртүрлі заттардың сәндік бейнесін жасау дағдыларын меңгеру.	24			пр	Сәндік композицияда қолданылатын әртүрлі стильдеу формаларымен және әртүрлі графикалық құралдармен танысу және оларды өз жұмысында қолдану.
2.	Оқушыларды ағаш өңдеу технологияларына оқыту әдістемесі.	24			пр	Ағашты көркемдік өңдеудің әртүрлі түрлеріне үйрету. Ағашты көркем өңдеу технологиясын меңгеру
3.	Білім берудегі заманауи компьютерлік технологиялар және оларды көркем еңбек сабақтарында қолдану. (Компьютерлік графикалық бағдарламалар Corel Draw).	24			пр	Бейнелеу өнері және көркем еңбек сабақтарында АКТ-ны практикалық қолдануы. Мультимедиялық технологиялармен жұмыс.
БАРЛЫҒЫ:		72				

*Д-дәріс, С-семинар, П-практикалық сабақ.
Ескерту: 1 академиялық сағат-45 минут.*

6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру

Оқу процесін ұйымдастыру белгіленген оқу жүктемесіне, оқу жұмыс жоспарына, оқу бағдарламаларына, сабақ кестесі мен сәйкес жүзеге асырылады.

Дәстүр бойынша кадрларды даярлаудың барлық бағыттары мен оқыту курстары бойынша ЖОО-ның қалауы бойынша оқытудың аралас нысаны, атап айтқанда: санитарлық режим мен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, күндізгі форматта қолданбалы сипаттағы практикалық сабақтарға жол беріледі.

Білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде курстың соңғы күнінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: әңгімелесу және шығармашылық жұмыстарды қарау жүргізіледі.

7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

- оқу құралы;
- қосымша әдебиеттер, оның ішінде электрондық тасымалдағышта;
- анықтамалықтар, каталогтар, альбомдар;
- зертханалық жұмыстар мен практикалық тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар;
- оқу пәнін, оның бөлімдерін, тақырыптарын, жекелеген элементтерін зерделеу бойынша әдістемелік ұсыныстар;
- әдістемелік әзірлемелер, авторлық әзірлемелер;
- білім алушылардың өзіндік (аудиториядан тыс) жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар;

8) Оқу нәтижелерін бағалау

Бақылаудың қорытынды нысаны оқу процесінде орындалған тыңдаушылардың шығармашылық жұмыстарын қарау, тексеру түрінде өтетін сынақ болып табылады. Сонымен қатар, курстардың қорытындысы бойынша педагогтердің шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылады. Сынақты тапсыру нәтижесі жұмыстарды қарау және әңгімелесу аяқталғаннан кейін бірден жарияланады. «Есепке алынбады» бағасын алған жағдайда білім алушы белгіленген тәртіппен есепті қайта тапсыруға құқылы.

«Есепке алынды» деген белгі курс тыңдаушысына қойылады, егер ол:

- бейнелеу циклі пәндерінің тұжырымдамалық-категориялық аппаратын меңгерген;
- бейнелеу өнерін оқытудың заманауи әдістерін қолдана алады

- оқу үрдісінде заманауи компьютерлік технологияларды қолдану дағдылары меңгерген;
- ағашты көркем өңдеу технологиясын меңгерген;
- есепті қарауға берілген тақырып бойынша оқу және шығармашылық тапсырмаларды ұсынды.
- «Есепке алынбады» деген белгі курс тыңдаушысына қойылады, егер ол:
 - бейнелеу циклі пәндерінің тұжырымдамалық-категориялық аппаратын білмейді;
 - оқу орындарында бейнелеу өнерін оқытудың заманауи әдістерін қолдана алмайды;
 - қазіргі заман талаптарына сәйкес бейнелеу циклі пәндері бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу қағидаттарын білмейді;
 - оқу процесінде бейнелеу өнерінің заманауи материалдарын қолдану дағдыларын меңгермеген;
 - оқу үрдісінде заманауи компьютерлік технологияларды қолдану дағдылары меңгермеген;
 - ағашты көркем өңдеу технологиясын меңгермеген;
 - берілген тақырып бойынша оқу және шығармашылық тапсырмаларды есепті қарауға ұсынбаған

9) Курстан кейінгі сүйемелдеу

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагог жұмыс барысында алған кәсіби құзыреттіліктерін қолданады.

Білім беру ұйымының әкімшілігі педагогтің қызметіне бақылау және мониторинг жүргізу кезінде педагогтың алған құзыреттерін қолдану нәтижелерін қадағалайды.

Біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар біліктілікті арттырудан өткен педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді педагогке, оның ішінде қашықтықтан оқыту режимде ұсынылатын педагогтің кәсіби қызметіндегі өзгерістерді қорытынды мониторингтеу және талдау арқылы алған білімдерін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін бір күнтізбелік жыл ішінде және одан да көп уақыт ішінде жүзеге асырады.

Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүргізу нысандары:

- кәсіби даму нәтижелері;
- курстардан өткеннен кейін бірінші күнтізбелік жыл ішінде педагогтың кемінде үш дербес жұмысын ұйымдастыру және өткізу;
- біліктілікті арттыру курстарынан өткен және алған білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын практикада табысты қолданатын педагогтерді тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларға қатысуға тарту, олардың тәжірибесін көпшілік алдында тану (бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау);
- ұйымның педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу мониторингі жылына бір рет үш жыл бойы жүргізіледі.

№	Педагог қызметі	Оқытушының (жаттықтырушы) қызметі	Аяқтау нысаны
1.	Сабаққа қатысу	Бақылау	
2.	Тапсырманы уақытылы орындау	Шығармашылық жұмыс бойынша бағыт	Сынақ

10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы, <http://online.zakon.kz>.
2. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.02.2023 г.)
3. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. Астана, 2005.

Қосымша әдебиеттер

1. Цветоведение. Колористика в композиции: учебное пособие для СПО.2019.Никитина Н.Л
- 2.Типографика: шрифт,верстка,дизайн,книга.2014(перевод с английского и комментариев. Понамаренко С.И
3. Дизайн интерьера и экстерьера зданий: учебное пособие.2014.Ромонова О.Н, Корецкая М.К
4. Справочник дизайнера ДПИ.2014.(под общей редакции Л.Р Маиляна)
- 5.Основы конструирования объектов дизайна: учебное пособие.2019.Нартя В.И, Суиндигов Е.Т
- 6.Инженерная графика. учебное пособие.2014. Лазарев С.И
7. В поисках кадра: идея, цвет,композиция в фотографии.2015.Петерсон Б
- 8.Основы теории и дизайна:Учебник для бакалавров и магитров.2013.Розенсон И.А
9. Компьютерная графика и дизайн.учебник.2015.ТозикИ.Т Корпан Л.М
- 10.Черных, В.В. Всё для учителя школы [Электронный ресурс] /В.В. Черных//<https://for-teacher.ru/technique/99-ispolzovanie-kompyuternyh-tehnologiy-v-obrazovanii.html>.- 8 Декабря, 2016
11. Борисов И. Б. Обработка дерева. - М.: Феникс, 2000.
- 13.. Домовая и художественная резьба по дереву /сост. Кирюхин А.В. М., «Спектр», 1996.
- 14.Айдарова,Л Дирксен Бейнелеу өнері оқу кұралы «Фолиант »баспасы Астана 2010
- 15.Ағаш өңдеу технологиясы.Оқулық. Н.Адамқұлов. «Фолиант» баспасы Астана-2010